

2010 жылдың 23 сәуірдегі № 2166 "2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 11 қазандағы N 157 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 03 қарашада N 5-6-120 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 қарашадағы N 223 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2010.11.12 N 223 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 28 бабына сәйкес, Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Аягөз ауданы әкімдігінің 2010 жылдың 23 сәуірдегі № 2166 «2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-6-107 2010 жылдың 12 мамырында тіркелген, «Аягөз жаңалықтары» газетінің 2010 жылғы 29 мамырдағы № 26 (9930) санында жарияланған) қаулысының 2 қосымшасына келесі өзгерту енгізілсін:

Әскери тіркеуге және әскерге шақыру комиссиясының штаттан тыс құрамына аудандық медициналық бірлестігінің терапевті Жұмабаева Гүлнәр Мұсақызының орнына Исабеков Ерік Мақсұтұлы аудандық медициналық бірлестігінің терапевті
б о л ы п е н г і з і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н. С ұ л т а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аягөз ауданының әкімі *Ә. Мұхтарханов*